



# Сыр бойы

№142  
(19625)  
25 ҚЫРКҮЙЕК,  
СЕЙСЕНБІ  
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

BÜGÜNGI SANDA  
РУХАНИ  
ЖАҒҒЫРУ

TARİHİ-  
TANYMDYQ  
EKSPEDITSİIA

2 >>



BOLASHAQTYN  
MAMANDYGY  
QANDAI?

3 >>



ELIZABET –  
KUMIS JULDEGER

6 >>

Májilis

## Алдағы міндет ауқымды

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтіп, жиын кадрлық өзгерісті таныстырудан басталды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Атап айтқанда, Ғалымжан Тасжанов облыс әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды. Ол 1977 жылы туған. ҚР Қарулы Күштері әскери академиясы және Санкт-Петербург қаласындағы Михайловск әскери артиллериялық академиясының түлегі. 1995 жылдан бері әскери қызметте. 2015 жылдың желтоқсан айынан бері Қызылорда қаласы қорғаныс істері басқармасының бастығы қызметін атқарып келді. Одан кейін күн тәртібіне сәйкес мектептердегі орын тапшылығы, үш ауысымда оқуды болдырмау мәселесі кеңінен сөз болды. Алдағы жылы аймақта 5-6 жастағы балалар саны 162 мыңға, ал 2020 жылы 165 мыңға артады деген болжам бар. Қазірдің өзінде бұл көрсеткіш бытырғыдан шамамен 6 мыңға көп. Облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдбекова мәлімдегендей, 2019 жылы мектепке баратын балалар саны күрт көбеймек. Оған «Білім туралы» Заңға енгізілген 6 жасқа толған балаларды жаппай 1 сыныпқа қабылдау туралы өзгеріс түрткі болып отыр.

– Биыл 18986 бала мектеп табалдырғын аттады. Келер жылы 23186 оқушы мектепке қабылданады деп күтілуде. Бұл биылғымен салыстырғанда 4200-

ге артық. Аталған факторлар мектептегі оқушылар тығыздығын арттырып, оқушы орнының тапшылығын тудырады, – деді сала жетекшісі.

Орын тапшылығын жою мақсатында жуырда Қазалы, Қармақшы, Жаңақорған аудандарында 3600 орынға лайықталған 6 мектеп пайдалануға берілді. Алдағы оқу жылдарында Арал, Жаңақорған аудандары мен облыс орталығында 4500 орынға қажеттілік байқалуда. Оның негізгі үлесі Қызылорда қаласына тиесілі. Мәселені шешуіге құзырлы мекемелер білек сыбанып кірісіп кетті. Жаппасбай батыр көшесінде осы күні 600 орындық білім ошағы салынып жатыр. Ол іске қосылған жағдайда 1200 балаға орын табылмақ. Мектеп ашуға бизнес өкілдері де мүдделі. Мысалы, алдағы жылы әрқайсысы 300 орын болатын 2 жеке мектеп ашу туралы ұсыныс түсіп, бұл бағытта жұмыс атқарылуда. Бұл өз кезегінде 600 баланың біліммен қамтылуына мүмкіндік береді.

– Облыс орталығындағы 54 мектептің сыйымдылығы мен оқушылар санына талдау жүргізілді. Соның 15-де 4040 орын тапшылығы анықталды. Олар көп жағдайда лицей, гимназия статусымен, педагогтардың әлеуетімен, жоғары сапалы білім алу мүмкіндіктерімен ерекшеленді.

Ата-аналар алыста тұратынына қарамастан, балаларын осындай мектептерге берді. Осы орайда мектептердің статусын пысықтап, ата-аналар арасында түсіндірме жұмысын жүргізу қажет, – деді Майра Мелдбекова.

Аудандарға қарағанда қала мектептеріндегі жағдайдың күрделі екенін аймақ басшысы да ашып айтты.

– Мәселен, №2 «Мұрагер» мектебіне балалар сонау Гагарин, Титов, Шанхай, КБИ, теміржол вокзалы, «Ақмешіт», «Мерей», ескі базар, жаңа базар, «Арай», Тасбөгет жақтан қатынап оқып жүр. Қазір бұл қатарға Сұлтан Бейбарыс көшесіндегі №264 мектеп-лицей қосылды. Ата-аналар бұған дейін аталған мектептерде орындар мен парталардың жетіспеушілігіне, оқушылардың парталарды кабинеттен кабинетке тасытынына наразылық білдірді. Оның үстіне, 25 балаға арналған сыныпта 35-38 балаға дейін оқиды, санитарлық норма сақталмайды, – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, №2 «Мұрагер» мектебі 1200 орынға лайықталған, ал онда қазір бескүндік жүйемен 3700 бала білім алуда. Жоспарланған білім ошақтары салынып, пайдалануға берілген уақытта мәселе реттелуі тиіс. Аймақ басшысы мектеп құрылысын жүргізуге жеке инвесторлар тарту қажеттілігін, үш ауысымды оқу мәселесі 2019 жылы түбегейлі шешілетінін атап өтті. Сонымен қатар, аппарат мәжілісінде жылу маусымына

дайындық барысы пысықталды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин мәлімдегендей, жұмыс жоспарға сай жүргізіліп жатыр. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлердің 96 проценті жылу маусымына әзір. Әлеуметтік нысандар толығымен, кіші қазандықтардың 97 проценті жөндеуден өтті. Қыстан қысылмай шығу үшін әлеуметтік-мәдени нысандарға 28 мың тонна көмір, 25 мың тонна сұйық отын қажет. Жергілікті тұрғындардың қажеттілігі – 207 мың тонна.

– «Қазақстан теміржолы жүк тасымалы» компаниясының мәліметіне сәйкес, облыс бойынша тұрғындарға қажетті көмірдің – 28, ал әлеуметтік нысандарға 25 проценті жеткізілген. Қармақшы ауданына 22500 тонна отынның 6300 тоннасы келгенімен, көмір жинау орындарында көмір қоры мүлдем жасқалмаған. Сырдария ауданында көмірдің бір тоннасы 15 мың теңгеден 18 мыңға қымбаттады. Аудан әкімдігі мұны тасымал ақысының көтерілуімен байланыстырып отыр, – деді басқарма басшысы.

Осы орайда облыс әкімі құзырлы аталғандарға көмір тасымалдаумен айналысатын компаниялармен жұмысты үйлестіру, аймақтағы әлеуметтік нысандарды газдандыру мүмкіндіктерін қарастыру туралы тапсырма жүктетті.



Kentke – 70 jyl

## ТАРИХ БЕЛЕСІНДЕГІ ТАСБӨГЕТ

Есіл мен Сырдың екі жағасына қанат жайған елордамыз Астананың – 20, төл тойы басталып кеткен туған қаламыз Қызылорданың 200 жылдығы тұсында Сырдария өзеніндегі су тоспасымен тағдырлас Тасбөгет кентінің де 70 жылдығы лайықты аталып өтті.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.



6-бет

Májilis

## Биылғы маусымның бәсі бөлек

Жексенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Қайсар» футбол клубының жаттығуын тамашалап, спортшылар мен командалық жаттықтырушы құрамымен кездесті. Кездесу барысында аймақ басшысы футболшыларға жана жеңістер тіледі.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

– Қазір стадионды қайта жаңғырту жұмыстары сапа стандарттарының талаптарына сай өз денгейінде жүргізілуде. Келесі жылы сол жағалауда 3500 орынға арналған

жабық алаңның құрылысы басталады, – деді аймақ басшысы.

Биылғы маусым «Қайсар» үшін бұрынғыдан басқа, жылдағыдан өзге болатыны белгілі. Себебі жанкүйерлердің жүрегінен орын алған «Қайсар» клубының құрылғанына жарты ғасыр толып отыр.

Қазіргі уақытта «Қайсар» командасы ҚР чемпионатының қорытынды кезеңін өткізуде. Соңғы қарағандылық «Шахтерға» қарсы матчта 2:1 есебімен жеңіске жетті. Команда қазір 32 ұпаймен 7-орында тұр. Алда

тағы 7 матч бар. Естеріңізге болса, маусым басында облыс әкімі футболшыларға кемінде бесінші орынға тұрақтауды тапсырған болатын.

Сондай-ақ, биылғы маусым ерекшелігі, қос бірдей жерлесіміз – Асхат Тағаберген мен Дәуренбек Тәжімбетов те туған елге оралды. Қызылордалықтардың «Қайсарда» ойын көрсетуі жанкүйерлер үшін де, жас футболшылар үшін де маңызды екені белгілі.

Кездесу соңында ойыншылар жанкүйерлер сенімін ақтауға уәде берді.

Kásip

## ҚАРАУЫЛТӨБЕДЕГІ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қызылордадағы сауда нүктелерінде қазір сыртында «Таза» деген белгісі бар құс еттері сатылып жатыр. Дәмін татып көрген жұрт оның дәмді, тойымды әрі сипімді екенін бірден байқайды. Бірақ сіз бұл өнімнің шетте емес, өзімізде өндірілетінін біле қоймауыңыз мүмкін. Иә, өзімізде... Қаланың іргесіндегі Қарауылтөбе елді мекенінде.

Назерке САНИЯЗОВА.

Осындағы атшаптырым аумақта мал бордақылау алаңы, мал сою пункті, шұжық өнімін дайындайтын цех, ет бағытындағы құс фермасы мен жылжымай қатар орналасқан. Бұл жолы бізді қызықтырғаны құс шаруашылығының жайы еді. Біреулер үшін ең оңай кәсіп осы болып көрінетін шығар. «Жемін, суын берсең болды, өздері өседі ғой» деп ойлауы мүмкін. Шынымен солай ойласа – қатты қателескені. «Береке» шаруа қожалығы былтыр көктемде құрылды. Кенжебек Қалмұратов содан бері жауапты істің басында жүр.

– Құс асыраудың қиындығы жетіп-артылады. Оған да баланы бақандай қарамасаң болмайды. Жем-шөбін, суын ұдайы беріп, қораны тазалап отыру керек. Ауа температурасын бір қалыпта ұстау аса маңызды, – дейді ол.



«Арбор-Айкрес», «Кобб-500» деген түрлері, сондай-ақ үйрек өсірілетінін айтып. Голландық «Арбор-Айкрес» тамаққа тауық болып шықты. Аузы ас-судан бір құрғамайды екен. Сонысына қарай тез салмақ қосады. Құстардың өз «меню» бар. Онда құрамы микро-макроэлементтер мен минералдарға толы бидай, соя шроты

міндетті түрде болады. Жем шаруашылық алаңында әзірленеді. – Құстарды әбден бағып, әртүрлі ауруға қарсы екпелер салып, 1,5 айда сойып аламыз. Сол кезде әрқайсысы шамамен 2,5-3 келі ет береді. Осылайша сағатына – 300-400, күніне – 3,5-4 мыңдай тауық сойылады. Тәулігіне орта есеппен 7,5 тонна етті

нарыққа шығарамыз, – дейді Кенжебек Қалмұратов.

Қаспшылар үйрек, тауықтарды таза жерде шарият тәртібімен бауыздайды. Демек, шаруашылық өнімі таза ғана емес, халал да. Ең бастысы, көбіміз тұтынып жүрген шеттен әкелінген құс еті сияқты ішіне шприцпен су толтырылған. Шаруашылық жетекшісі сондай өнімді кезінде қалай жегеніне таңданады.

– Біз салмағын арттыратын артық ештеңе қоспаймыз. Соғанда қанша келі шыққан болса, сауда нүктелеріне дәл сол күні жеткізіледі, – дейді ол.

Қожалық құс түрлерін әдетте Алматыдағы «Сеймар» компаниясынан алдырады. Ал енді бір бөлігін өзінде бар инкубацияға салып шығарады. Жыл сайынғы инкубатордан шыққан балапан саны 1 миллионға жуықтайды. Шаруашылық иелері бүгінде төмендегідей иті бастаманы қолға алыпты. Ол бойынша ниет білдірген адам осы жерден 300-320 теңгеге балапан сатып алып, жақсылап асырап-бағып, белгіленген уақытта қайтадан әкеліп 800 теңгеге өткізе алады. Бастаманы күп көріп, оған үлес қосушылар облыс орталығынан ғана емес, аудандардан да табылып жатыр.

Құс баптаған қожалықта 30 шақты адам жұмыс істейді, маусымдық кезеңде 50-ге дейін барады. Алдағы уақытта шаруашылық аясын кеңейту, оның ішінде Қазалы және Жалағаш аудандарында құс фермасын ашу, жылжымалы құс сою пунктін салу жоспарланып отыр.

– Ең бастысы, қалдықсыз өндірісті жолға қойғымыз келеді. Мысалы, құсты соғғаннан кейін жүнін кәдеге жаратсақ, ішек-қарнын тазалап балықтың қорегіне айналдырсақ па деген ойымыз бар, – дейді Кенжебек Қалмұратов.

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

**ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!**

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты мерзімді басылымдарға 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу басталады.

Келер жылы жарыққа шыққанына 90 жыл толатын аймақтың аға басылымы – «Сыр бойының» басты ұстанымы – оқырманға адалдық. Ендеше, келер жылы да байырғы басылым мен оқырман арасындағы байланыс беки түседі деп сенеміз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 4000 теңге Жөкелер үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 8000 теңге Жөкелер үшін – 6000 теңге

[WWW.SYRBOYI.KZ](http://WWW.SYRBOYI.KZ)



**Brifing**

**Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда едәуір артты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баскеева мәлімдеді.**

Шынар БЕКБАН.

# КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Брифинг барысында облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Жәдігерқызы бірқатар салалар бойынша атқарылған жұмыстар төңірегінде мәліметтер келтірді.

Негізгі капиталға салынған инвестицияларға тоқталар болсақ, 2018 жылдың басынан негізгі

капиталға салынған инвестициялар көлемі 134 млрд теңгені құрап, 11,6 процентке өскен. Кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу 45,6 процент, өндіру өнеркәсібіне инвестиция салу 14930 млн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге көбейген. 2018 жылдың 8 ай-

ына құрылыс жұмыстарының көлемі 39 млрд теңгені құрап, былтырғы жылдың қантар-тамызына 11,8 процентке артты. 2499 жаңа ғимарат салынды. Облыс бойынша 2018 жылдың 2 тоқсанында халықтың ақшалай табысы 121,6 мың теңге болды, бұл 2017 жылдың 2 тоқсанмен

салыстырғанда 10,9 процентке жоғары, – деді М.Баскеева.

Сондай-ақ, облыста туу көрсеткішінің жоғарылығы жалғасуда. Туу көрсеткіші бойынша 7 айда 10981 бала дүниеге келген. Облыс халқының саны өткен жылмен салыстырғанда 11,2 мың адамға өскен.

Жыл басынан бері азық-түлік тауарлары бағасының 2,3 процентке,

азық-түлік емес тауарлары 3,2 процентке, ал ақылы қызметтер 4,2 процентке жоғарылағаны байқалады. Айтпа қету керек, облыс бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы осы тамыз айында орташа есеппен 26260 теңгені құрап отыр.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КӨМЕКШІСІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі көмекшісі лауазымына Ғалымжан Алтынбекұлы Тасжанов тағайындалды.

Ғ.Тасжанов 1977 жылы туған. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери академиясын және Санкт-Петербург қаласындағы Михайловск әскери-артиллериялық академиясын бітірген.

1995 жылдан бері әскери қызметте.

2015 жылдың желтоқсан айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда қаласының қорғаныс істері басқармасының бастығы қызметін атқарып келді.



## ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

2018 жылғы 28 қыркүйекте сағат 10.00-16.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі К.Е.Көшербаевтың қатысуымен «Жолаушылар тасымалы және жергілікті автомобиль жолдарының сапасы туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

## «Miras» кеңесі

# МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ МАҢЫЗЫ БӨЛЕК

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында «Miras» аймақтық қоғамдық кеңесінің мүшелері мәдениет саласын жаңғырту мен мәдени кластерлерді дамыту бағытындағы жұмыстарын пысықтады. Оған қоғамдық кеңес мүшелері мемлекеттік және ҰЕҰ, белсенді жастар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Өңірдегі халыққа мәдени қызмет көрсететін мәдениет және өнер мекемелерінің жағдайын баяндау үшін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлілбек Ерұлтанов хабарлама жасады. Мәдениет кластерлерін дамыту бағытында атқарылған жұмыстар жайлы жадынама жасаған басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, «Ұлы Жібек жолын жаңғырту» кластері бойынша Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» ескерткіші кешені толықтай жаңғыртудан өтіп, бүгінгі күні халықаралық туристік маршрутқа енгізу бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Облыстық тарихи-өлкетану музейіне жөндеу-реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп, музей заманауи үлгіде толығымен қайта жабылды. Өңірдегі 9 ескерткіш, яғни Сығанақ, Жанкент, Кескенкүйік, Шірік-Рабат, Бәбіш-мола, Жент, Баланды қалашықтары, Жетісар мәдени ескерткіштері және Сауысқандық петроглифтері ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдына ала тізіміне енгізілсе, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының бірінші кезеңі бойынша облыс көлеміндегі 12 ескерткіш «Жалпыұлттық қасиетті нысандар», 35 нысан «Өңірлік қасиетті нысандар» кітаптарына жүктелді, – деді Ә.Ерұлтанов.

Жыныда «Нұр Отан» партиясының жаңа бастамашыл жобаларының бірі «Қазақстан кітапханалары» партиялық жобасы аясында облыс кітапханаларының заманауи талаптарға сәйкес ақпараттық қызмет көрсету мәселесі де сөз болды.

Бұл бағытта облыстық Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапхана директоры, аймақтық «Miras» кеңесінің мүшесі Нұржамал Мырзамұратова хабарлама жасап, атқарылған жұмыстарды жан-жақты жеткізді.

Бүгінде кітапхана заманауи жабықталған барлық қажетті іскерлік кездесулер, шеберлік сабақтар өткізуге ыңғайлы қарым-қатынас орталығына айналуда. Осындай жайлы ақпараттық орта қалыптастыру мақсатында облыстық кітапханада «Коворкинг» орталығы ашылды. Ағымдағы жылы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты бірқатар аудандық, ауылдық кітапханаларда коворкинг орталығын ашу жоспарланып отыр. Ауылдық онлайн-орталықтың жаңалықтарымен танысуға мүмкіндік беретін «Қызылорда даусы» мобильді қосымшасы іске қосылды. Енді оқырмандар «Қызылорда даусы» мобильді қосымшасын смартфонға Play Market арқылы жүктеп, танысуға мүмкіндігі бар, – деді кітапхана директоры.

Кеңес мүшелері тақырыпқа орай, қордаланған мәселелерді айға тартып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Онда Қызылорда ел астанасы болған тұста қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Бейбіт Майлин мен Сәкен Сейфуллин тұрған аумаққа кейінгі ұрпаққа ақпарат беретін арнайы ескерткіш тақта орнату, кітапханаға оқырмандарды шоғырландыру, жас ұрпақты кітап оқуға тәрбиелеу, мәдени ескерткіштерді қатаң қорғау секілді түрлі ұсыныстар талқыланды.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

# ЕҢБЕК ЗАҢДЫЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті интернет-конференция аймақта еңбек заңдылықтарының сақталуына арналды. Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Тұмар Шалбаева ақпарат құралдары өкілдері мен интернет пайдаланушыларға жыл басынан бері салада атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

## Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Басқарма өкілі атап өткеніндей, 2018 жылғы қыркүйекке дейін облыста әлеуметтік-еңбек даулары орын алмаған, яғни бұл саладағы ахуал тұрақты. Жұмыс орындарын қысқартпауды болдырмау және жалақы қарыздарын өндіру мақсатында облыс әкімі жанындағы Дағдарысқа қарсы штабта аталған мәселелер 8 айда үш рет қаралды. Әлеуметтік еңбек дауларының алдын алу мақсатында облыс әкімдігі және облыстық прокуратура бекітілген әлеуметтік

шиеленіс орталықтарының картасын ай сайын жаңартып отырады.

Облыстағы жұмыс берушілермен бірлесіп отырып, әлеуметтік шиеленістің алдын алу, штат санын қысқартпау және жұмыс орынын сақтау мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалып, онымен 54 мыңға жуық адам қамтылды. «Ұжымдық шарт жасасушылар» акциясы аясында 6005 мекеме мен кәсіпорынның ұжымдық шарттары тіркелді.

Басқарма басшысының орынба-

сары жыл басынан бері әртүрлі мәншіктегі 195 мекеме мен кәсіпорында жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, 297 заң бұзушылық анықталғанын жеткізді. Нәтижесінде 155 нұсқама беріліп, 63 әкімшілік шара көрілген. Оның ішінде 13-і ескерту болса, одан бөлек жалпы құны 7,1 млн теңгені құрайтын 50 айыппұл салынды. Қазіргі күні 5,8 млн теңгені құрайтын 35 айыппұл (82%) өндіріліп отыр.

Жалақыны уақытылы төлеу мәселесі басқарманың ерекше бақылауында болып келеді. Облыс аумағындағы мекемелер мен кәсіпорындарда жалақы төлеу кешіктірілген фактілері анықталған жағдайда дереу әрекет ету шаралары жүргізіледі. Қабылданған шаралардың нәтижесінде осы жылдың 8 айында 65 кәсіпорынның 1418 жұмыскеріне 108,7 млн теңге жалақы қарызы төленді. Қазіргі таңда облыс бойынша үш айдан астам жалақыдан

қарызы бар мекемелер тіркелмеген.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары жыл басынан бері 453 жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен арыз-шағымдарын қарап, белгіленген тәртіп бойынша жауап берді. Осы кезеңде 42 жазатайым оқиға тіркеліп, оның 28-і еңбек қызметімен байланысты деп танылды. Осы оқиғалардан 41 адам зардап шекті, 29 адам ауыр жарақат алса, 5 адам қайтыс болған. Ал топтық жазатайым оқиғалар саны тоғызға жетіп отыр. Облыстық ішкі істер органдарына 28 арнайы тергеп-тексеру материалдары жіберілді.

Т.Шалбаева мемлекеттік еңбек инспекторлары тарапынан облыс көлеміндегі мекемелер мен кәсіпорындарда құқықтық түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіліп келе жатқанын мәлімдеді. Конференция соңында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

## Seminar

# ДІНДІ ҰСТАНАМ ДЕСЕҢ, ДӘЙЕГІН ТҮСІН

Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жария етудегі БАҚ ролі» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

## Ғазиза ӘБІЛДА.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттің зайырлы даму қағидаттарын насихаттауда, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісін ілгерілетуде аймақтық БАҚ-тың белсенділігін арттыруды көздеген шарда мәселеге байланысты толымды пікір мен орнықты ой айтылды.

Жыныда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов жергілікті басшыларға дін тақырыптарды ақпараттандыратын журналистер пұлы жасақталғанын хабарлар етті. Олар осы тақырыптағы кез келген мәселе бойынша ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығымен тығыз байланыста болып, бұқараны шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуге жұмыс жасайды.

Семинар-тренингте «Зайырлы мемлекет және оның құндылықтарының БАҚ-та жариялануы» тақырыбында «Qyzylorda» телеарнасының редакторы Айнуір Тұңғышбаева ой-пікірімен бөлісті. Ол қазіргі таңда көпшіліктің арасында дінмізге деген сенімнен гөрі әлі де болса күдіктің басым екенін, сол сияқты дини ұстанымдар мен ұлттық салт-дәстүрді жеткілікті білмеудің салдарынан отбасылық жанжалдар туындап жататынын айтты. Сондықтан алдағы уақытта дін саласындағы ақпараттық-танымдық шаралардың ауқымын кеңейту қажеттігін ұсынды.

Қызылорда қалалық «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаев та ойымен бөлісті.

– Тарихқа қарасақ, дінсіз адам болғанымен, дінсіз қоғам ешқашан болған емес. Мейлі, дұрыс болсын, мейлі

бұрыс болсын, адамзат шоғырланған қоғамда сенім ерекше орын алған. Себебі, адам баласы табиғатынан сенімге мұқтаж. Дін сөзінің аясы кең, ұғымы терең. Мәселен, тек таңнан кешке дейін Құдайға құлдық ұрып, құлшылықтан бас көтермеу деген емес. Дін – өмір сүрудің үздік үлгісі. Пендені адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке ұйытатын да осы күш, – дейді бас имам.

«Ақпарат кімде болса, әлемді сол басқаралы» деген сөз бар. Олай болса, саяси маңызды ақпараттардың шынайылығы ел бірлігінің, тұрақтылығының кепілі болары даусыз. Сондықтан дін маманы БАҚ-та ақпараттар жариялау барысында ең алдымен, ұрандатушылыққа емес, ақпараттың дәлдігіне мән берсе, сонымен қатар, көпшілік қауымға түсінікті, қарапайым жөніл тілмен берілсе деген ұсынысын алға тартты.

«Сыр дидары» газетінің бас редакторы, облыстық ақпараттық топ мүшесі Сәкен Алдашбаев халықтың дини сауаттылығын арттырудағы БАҚ-тың ықпалы тақырыбын тарқата әңгімеледі.

– Мәселен, көп жағдайда дін өкілдері халықтың арасында жүреді.

Сондықтан көпшілікті қандай сауалдар мазалайтынын олар жақсы біледі. Осы ретте көптің көкейіндегі толғамын мәселелердің дер кезінде шешімін табуы үшін дін өкілдері бұқаралық ақпарат құралдарымен етене байланыста болса, насихаттық жұмыс та нәтижелі болары сөзсіз. Тағы бір айта кетерлігі, бүгінде дін саласында сауатты мамандар қатары артып келеді. Сондықтан болар, аймақта дини тұрақтылық қалыптасып отыр. Ендігі кезекте осы мамандардың имиджін көтеруге, олардың танымалдылығын арттыруға, сауатты, салықалы пікірлерін жиі-жиі жариялауға көңіл бөлгеніміз жөн, – дейді ол. Сондай-ақ, талқыға түскен тақырып төңірегінде «Қоғам ТВ» телеарнасынан Нұрдуллет Қалабеков, «Ұстаз мәртебесі» газетінен Абай Тағыберген сынды жас журналистер ойларын ортаға салып, орнықты пікір айтты.

Жыныды қорытындылаған басқарма басшысы Талғат Маханов БАҚ өкілдері тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығына жауап беріп, арнайы жасақталған журналистер пұлының алдағы атқаратын міндеттері жөнінде түсіндіріп өтті.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жолға шыққан «Абылай ханның қара жолы» экспедициясы Сыр өңірінде болды.

## Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жарқын жоба барысында экспедиция мүшелері №140 орта мектептің ауласында орналасқан Абылай хан биостімен танысып, тегімізді танытатын төл мұралар, жауһар жәдігерлер сақталған облыстық тарихи-өлкетану музейіне сапарлады. Мұнан кейін Қорқыт ата атындағы КМУ-дың Студенттер сарайында өткен «Абылай хан және оның тарихи дәуірі» атты дөңгелек үстел отырысына қатысты. Тағылымды шараны аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Нұрлыбек Мыңжас ашып, Абылайдың қара жолы солтүстік пен оңтүстікті байланыстырған ең төте жол болғандығына тоқталды.

– Абылай хан бұл жолды стра-

тегиялық мақсатта пайдаланған. Жалпы, ұлы ханға қатысты «Абылайдың қара жолы», «Абылайдың қара қосы» деген ұғымдар күні бүгінге дейін ұрпақ санасына жаңғыра отырып жеткен. «Қара» деген сөздің өзі қазақ тілінде «қасиетті», «көне», «үлкен», тағы басқа мағыналарды беретінін ескерсек, «Абылайдың қара жолы» тіркесінің мағынасын солтүстік пен оңтүстікті байланыстырған даңғыл керуен жол деп түсінуге болады, – деді Нұрлыбек Қарбоғұлы.

Басқосуда жоба жетекшісі, қоғам қайраткері Мұрат қажы Ыдырысұлы шараның мақсаты туралы кенінен баяндады.

– Үш жүздің басын қосқан Абылай

ханның ордасы Бурабайда болғаны белгілі. Сондықтан экспедиция да «Қазақстандық Швейцариядан» басталды. Жобаның ата-баба тарихын жаңғыртудағы маңызы зор. Біздің топта тарихшы, географ, өлкетанушы ғалымдар мен тілшілер бар. Олар жол бойындағы ауылдарға соғып, аңыз-өңірлер жинақтап, сапар барысында кездескен тарихи орындарды белгілеп, қағазға түсіруде. Сапар қорытындысы бойынша ғылыми мақалалар жарық көрмек. Экспедиция мүшелерінің Сыр топырағына да табаны тиді. Шежірелі қаланың қазақ тарихында алар орны ерекше деп білеміз, – деді экспедиция жетекшісі.

Жын соңына қарай өзге қатысушылар да тарихи өлкетану жөніндегі ойын ортаға салды. Сондай-ақ, экспедиция аясында топографиялық карта дайындалатындығы, сапардан соң Көкшетауда республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу жоспарланғаны айтылды.





## Sarap

Елімізде жыл өткен сайын демографиялық ахуал түзеліп, халықтың табиғи өсімі артып келеді. Бұл – бүгінгі дүниеге келген ұрпақ 20 жылдан кейін табысты жұмыс көзін іздейді деген сөз. Сондықтан бәрімізге әлемдегі өзгерістердің қарқынынан қалмай, күннен күнге өсіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында еңбек етуге бейімделу керек. Ал мамандықты жана таңдаушылар оған болашақ тағдыры ретінде қарағанда ғана дұрыс жолға түседі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Қазір өндіріске, күнделікті тұрмысқа және барлық салаларға сәт сайын жаңалықтар еңуе. Адам баласының өмір сүру тәртібін, нарығын, қала берді тұлғалық қасиетін күрт өзгертетін айтулы кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Біз бастауында тұрған төртінші революция ауқымы, қарымы мен күрделілігі жағынан осы уақытқа дейінгі адамзат тарихындағы

дүмпулерді адамзат игілігіне жарату туралы жазды. Аталған форумда 2020 жылға қарай жер бетіндегі 5 млн адам жұмыссыз қалатыны туралы болжам айтылды. Жасанды интеллект, робототехнология және биотехнология адамдардың ауыр жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, тез арада әрі сапалы істейтін белгілі болып отыр. Бұл технология адам ойының жемісі

әлемді жобалап, адамдардың байланысуына қолайлы жағдай туғызады. Тағы бір болашақтың мамандығы – робототика адвокаты коммуникация, философия және этиканы білуі тиіс. Бұл мамандар алдағы роботтар дәуірінде адамдар мен «жасанды» интеллект арасындағы моральдық және этикалық нормаларды жасап, бәсекелестік ортадағы әркімнің құқын белгілейтін болады. Зерттеушілер «адам істейтін барлық жұмысты бірдей роботтар атқара алмайды» деген тұқтамға келгенімен, цифрлық технология дәуірі адамның тұлғалық, кәсіби өсуіне жаңа мүмкіндіктер ашатынын да айтады.

Ресейлік аналитикалық компания жақын болашақта еңбек нарығында қажет болатын 15 мамандықты атап көрсетті. Бізге бионженер,



Қазір Қазақстан жоғары оқу орындарының саны бойында Ұлыбритания, Жапония, Германия сияқты елдерді басып озды. Осы университеттер мен институттарда 300 мыңнан астам бакалавр оқиды. Бірақ ел экономикасында осыныша бакалаврға, әсіресе, заңгер, экономист, қаржыгерлерге сұраныс жоқ. Жоғары оқу орындарында 27 процент экономистер дайындалғанмен, еңбек нарығында жұмыс істейтін қаржы саласы мамандары 13 проценттен аспайды. Керісінше елімізде техникалық, кәсіптік оқу орындары бітірген мамандарды қажетсінетін 20 мың жұмыс орны бос тұр. Экономикалық әлеуеті жоғары елдерде мектеп бітірушілердің 80 проценті жұмысшы мамандығын игеруге ден қояды. Ал біздің мектеп бітірушілердің 15 проценті ғана мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдайды. Басым көпшілігі тәуекелге бас тігеді. Бұл деректерді облыс әкімі Ресейдің жоғары оқу орындарын бітіріп келген түлектермен кездесуде айтқан еді.

СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРГЕ ҚАРАҒАНДА, ЖАСТАРДЫҢ 10 ПРОЦЕНТІ

ӨНДІРІСТЕ, 7 ПРОЦЕНТІ ҚҰРЫЛЫСТА, 17 ПРОЦЕНТІ КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ БӨЛШЕК САУДА ОРЫНДАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫН ИГЕРГЕН ЖАСТАРДЫҢ АЗДЫҒЫНАН КӨРШІ ЕЛДЕРДІҢ АР-ЗАН ЖҰМЫС КҮШІНІҢ АҒЫНЫ ТОЛАСТАМАЙ ТҮР. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН МЫНДАҒАН БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА ҚАРАМАСТАН, ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АРСЫНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТАН ЖОҒАРЫ. ОҒАН ҚОСА БҮЛ КӨРСЕТКІШ СОҒЫ ЖЫЛДАРЫ ӨСІП БАРАДЫ. ӨЙТКЕНІ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ АРАСЫНДА «ӨЙТЕУІР ИНСТИТУТҚА ТҮССЕМ, БІР МАМАНДЫҚ АЛСАМ БОЛДЫ» ДЕГЕН ТАПТАУРЫН КӨЗҚАРАС ӨЛІ ДЕ БАР.

Тағы бір сауалнама қорытындысына жүгінсек, өткен жылы дамушы елдерге, соның ішінде елімізге келген инвесторлар Қазақстанда жұмыс істеуге келергі болатын басты фактор ретінде жергілікті мамандардың біліктілік талаптарына сай келмейтінін айтқан. Осындай факторлар болашақтың еңбек нарығына керек, кәсіпін қиындасыз өзгертуге қабілетті, аса білімді мамандарды әзірлеуді талап етіп отыр. Бұл ретте 2014 жылдан бері Мәскеу мен Санкт-Петербургте оқып жатқан түлектердің алғашқы қарлығаштары туған жерге оралып, өндірісте, кәсіпорындарда еңбек ете бастағанын мақтанышпен айтамыз. Мәскеу Мемлекеттік университетінде «Киберкаунісіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» саласына, Татарстан Республикасындағы Иннополис университетінде ақпараттық және сандық технологиялар саласына мамандар әзірлеу арқылы болашаққа берік негіз қалануда. Оған қоса Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясы аясындағы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумы бойынша Қызылорда облысы мектептерінің үздік түлектеріне жыл сайын Санкт-Петербургте оқуға білім гранттары бөлінетін болды. Ал облыс әкімі грантының 70 процентін IT-мамандықтарына қарай бағыттау арқылы ертеңіне сенімді мамандар шоғыры қалыптасып келеді. Тауа онжылдықта олардың барлығы да өмірден өз орындарын тауып, ақпараттық дәуірдің тасқынына төтеп беретін мамандар болып қалыптасатыны сөзсіз.

Р.С. «Қазіргі балалар бұрынғы оқушылардай «Кім болам?» деген тақырыпта шығарма жазса ма? Болашақ мамандығы туралы арманы қандай?» Бұл мақаланы жазу барысында жүргізілген сауалнама еді. Қорытындысын айтсақ, дәрігер, оның ішінде хирург болғысы келетіндер баршылық. Себебі, хирургте ақша көп болады деп ойлайды. Әнші, IT маманы, дизайнерлік, галериякерлік қалайтындыр да бар. Мұғалім, оның ішінде ағылшын тілінен сабақ беруші армандайындар да жеткілікті. Қаржыгер, бір-жаса мақіері, архитектор, сот болмауы деушілері де кездестірілді. Біздің балалар президент, әкім, миллионер де болғысы келеді. Армандар аласармасын!

# БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ ҚАНДАЙ?

құбылыстардың барлығынан асып түседі. Сондықтан Елбасы төртінші жаһандық өнеркәсіптік революция кезеңіндегі түбегейлі өзгерістерді қабылдап қана қоймай, оның ағынына ілесу туралы ұдайы айтып келеді. Бұл өзгерістер ел экономикасының дамуына әсер етіп қана қоймайды, жаппай жұмыссыздықты да туындатады. Сол үшін болашақ мамандық иелерін дұрыс таңдау жасауға бағыттаудың маңызы зор.

БИБІЛҒЫ ТАМЫЗ МӘСЛІХАТЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ «ШЫНДЫҒЫНА КЕЛГЕНДЕ, БІЗ БАЛАЛАРДЫ ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКА ҮШІН ЕМЕС, КЕЛБЕТІ ЕНДІ ҒАНА АЙҚЫНДАЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МҮЛДЕ ЖАҢА, ҚАТАҢ БӘСЕКЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН, КРЕАТИВТІ (ЖАСАМПАЗ) ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ӨМІРГЕ ӘЗІРЛЕУІМІЗ КЕРЕК. СОНДЫҚТАН, УАҚИТТАН ДА ОЗА ЖҮРУГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАЖЕТ, ЯНИ БІЗ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАНЫ КӨЗДЕП ЕҢБЕК ЕТУІМІЗ КЕРЕК. ЖАҢҒЫРЫП ЖЕТІЛУДІҢ МҮЛДЕ ЖАҢА, МАЗМҮНДІК ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БҰРЫНҒЫДАН БӨЛЕК, ӨНДІКӘЙДА БИІК САТЫСЫНА КӨТЕРІЛУГЕ ҰМТЫЛҒАН ЕЛІМІЗГЕ ЖАСАМПАЗ, БІЛІКТІ, ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ҚОРЫҚПАЙТЫН МАМАНДАР ҚАЖЕТ» ДЕГЕН ЕДІ.

Дүниежүзілік экономикалық форумның президенті Клаус Шваб «Төртінші индустриялық революция» атты кітабында жасанды интеллект, роботандыру, робот-автомобильдер, 3D баспа, нанотехнология, биотехнология дамығанда пайда болатын таңғаларлық технологиялық

## НЕМЕСЕ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ» КІМДЕРДІ АЛМАСТЫРУЫ МҮМКІН?

болғанымен, бәсекелестік ортада оны жеңіп шығуы мүмкін.

Аты әлемге әйгілі «Microsoft» компаниясы жүргізген зерттеулер қазіргі мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің 65 проценті бүгінгі күні мүлде жоқ мамандықтар бойынша жұмыс істейтінін айтып отыр. Оған қоса жаңа уақыт бірнеше саланың қыр-сырын қатар менгеруді талап етуде. Мәселен, болашақтың мамандығы – виртуалды орта дизайніне редакторлықты, психологияны қоса игеру керек. Қазіргі «адамдардың бәрі бір-бір гаджетке байланған» деген қауіміз 2026 жылға қарай қалыпты жағдайға айналмақ. Өйткені ол кезде миллиондаған адамдар виртуалды әлемде жұмыс істеп, ақша тауып, білім алатын болады. Ал виртуалды орта дизайнірі сол

жаңартылған энергия бойынша инженер, «ақылды» орта жобалаушысы, робототехника бойынша маман, киберкаунісіздік маманы, баламалы энергия бойынша маман, нейробиолог, бионформатик, бағдарламашы, инженер-жобалаушы, 3D баспа инженері, гендік инженерия маманы, виртуалды дизайнер және архитектор, биофармаколог сияқты мамандықтардың қазір бірді-екісінің аты ғана таныс. «Бұл мамандықтарды фантастикалық әлеммен байланыстырып жүргендер қателеседі. Өйткені «жасанды» интеллекттің кең таралуы еңбек нарығын тым жылдам өзгертуде. Сондықтан жастар дәстүрлі білім моделінен алыстап, білігі мен машығын жетілдіре беруі тиіс» дейді сарапшылар.

## Dán dalasynda

## «ЖАҢАЖОЛ» ЖЕТІСТІКТІ ЕСЕЛЕУГЕ ҮНТАЛЫ

Қармақшы ауданына қарасты Дүр Оңғар ауылында білікті маман Орынбасар Төлепов басшылық жасайтын «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Сыр өңірінде күріш дақылын өндіруде көшбасшы шаруашылықтардың бірі.

Жыл сайын шаруашылық жоғары сортты күріш өндіріп, ел әлеуетін арттыруға сүбелі үлес қосып келе жатыр. Былғы жылы да бұл ұжым 3200 гектар күріштік алқаптан мол өнім жинауға жаппай жұмылып, шешуші науқанға кірісіп кетті.

– Шаруашылық үш жыл 3200 гектар алқапқа күріш егіп, оның әр гектарынан 60 центнердің үстінде өнім алды. Был да ұжымның диканшы қауымы осындай көрсеткішке, тіпті одан жоғары өнім алуға күш салуда. Оған мүмкіндігіміз жеткілікті, – дейді шаруашылық басшысының орынбасары, аудандық мәслихат депутаты Төлеу Ерәлиев.

Бүгінде ұжымда 350 адам еңбек етіп жатса, жақын арада қырман жұмысына ақылы негізде тағы да жұмысшылар қабылданады екен. Егін жинау науқанына немістің 10 дана «Класс» комбайны, 5 «МагДон» және 10 «Енисей» жатқасы, ал егіс алқабынан қырманға күрішті тасымалдауға 33 түрлі тасымал көлігі қатысуда. Осы жылы шаруашылық



күріш дақылынан басқа 10 гектарға бидай егіп, жақсы өнім алса, 1150 гектар ескі және жаңа жоңышқадан 20 тонна тұқымы құйған. 150 мың дана жоңышқа тайын басып, ауыл және аудан тұрғындарына нарық бағасынан төмен сатқан шаруашылық егілген картоптан да берекелі өнім жинаймыз деп отыр. Ал, 2 гектарға егілген қызанақ пен қиярдан да 7 тоннадан астам өнім жиналыпты. Тағы бір айта кетерлігі, өткен жылы егілген алма ағаштары түгел көктем, күтімге алынып отыр.

Шаруашылықтағы №4 егіс бригадасын басқаратын Данияр Нұрмағамбетов:

– Өзім басқаратын бригадада 42 дикан-механизатор және басқа да еңбекшілер бар. 250 гектар жоңышқа, 50 гектар бидайдан жоғары өнім алдық. Бригада дикандары был 680 гектар күріштен өткен жылғыдай өнім алды, тіпті былтыр әр гектарына 85 центнерден өнім жинаған Нұраддин Бекенов сол жетістікті жанартуға ынталы. Сушыларымыздың алды 79,2 центнерден өнім жинауда. Әділбек Жаниязов, Анарбек Шарпапатов, Ербол Нәбиев, Жүніс Демесінов, Айдос Сәреенов, Азамат Алмағамбетов сынды адамзаттарымыз өзгелерге үлгі көрсетуде, – дейді.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ. Қармақшы ауданы.





Биыл Қазақстан тарихы шетелдік тарихнамасын зерттеудің негізін қалаушы, тамаша тарихшы ғалым, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Көшім Лекерұлы Есмағамбетов сексеннің сеңгіріне шығатын еді. Тағдыр оны бұйырпады.



# ТАМАША ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Көшім Лекерұлының атын ертерек естігеніммен, ол кісімен алғаш 1996 жылы қызмет бабымен Алматыға көшіп келгеннен кейін өзінің құдасы, менің көп жылдан сыйлас кісім, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Салдықбек Хангелдиннің үйінде таныстым.

Ол кісінің 1965 жылы П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетін үздік бітірген тарихшы және ағылшын тілін аудармашысы мамандықтарының иесі екенін де осында білдім. Бұл оқу орнынан Қызылорда облыстық партия комитетінде қызметте жүргеннен хабарлар болатынын. Өйткені бұл оқу орнына түсушілерге обком жолдама беретін.

Бірінші кездесуде байқағандымдай, Көшек өзін ширақ, бірақ тұйықта ұстайтын, көп сөйлемейтін, көбіне тыңдап отыратын кісі екен. Ортақ тақырып бола қоймағандан кейін күнделікті өмірге қатысты мәселелерді әңгімелеу өзім етіп отырдым. Кейін де бірер рет жолықтық, онда да ешқайсысымыз ашыла қойған жоқпыз. Оның үстінде 1998 жылы отбасым тағы да менің қызмет бабыма байланысты Астанаға толықтай ауысты.

Көшім Лекерұлымен жиірек араласуым 2013 жылдан, 12 томдық Мұстафа Шоқай шығармалары жинағының алғашқы алты кітабының түсуімен басталды. Ал ұлы күрескердің туғанына 125 жыл толуын атап өту үдерісінің біреуіне мәселелеріне тікелей қатыстым. Бұл кезде Көшекпен Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының шығыстық деректану, Шығыс халықтарының тарихи мен мәдениеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері болатын.

К.Есмағамбетовтің қоғамдық һәм саяси еңбек жолы оның еліміздің рухани өмірін дамытуға ерекше үлес қосқан ірі тарихшы-ғалым екендігін айқын танытады. Өткен ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға ерекше үлес қосып, республикада энциклопедиялық әдебиетті дайындап, басып шығаруға үлкен күш-жігер жұмсады. 13 томдық «Қазақ КСР энциклопедиясы», «Қазақстан КСР энциклопедиясы», «Қазақ КСР қысқаша энциклопедиясы» (4-томдық, қазақ және орыс тілдерінде), «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, «Философиялық сөздік» т.б. басылымдарды дайындауға қатысты. Оның ғылыми-әдіснамалық жетекшілігімен «Қазақстан тарихы мен мәдениетінің ескерткіштері жинағы» атты іргелі еңбек жарық көрсе, «Ақмола», «Батыс Қазақстан облысы», «Солтүстік Қазақстан облысы» атты аймақтық энциклопедияларды шығаруға қосқан еңбегі қомақты.

Сондай-ақ, ол еліміздің мұрағат мекемелерімен қоғамдық негізде қарым-қатынаста болып, тарихи дереккөздердің сақталуына және олардың толықтырыла

түсуіне ұзақ жылдар көмек көрсетіп, «Егемен Қазақстан», «Қазақстанская правда», «Ана тілі» және басқа да мерзімді баспасөз беттерінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын насихаттауға белсене қатысты. Түдғыш редакторы ретіндегі «Қазақстан мұрағаттары» журналының қалыптасуы да оның есімімен тығыз байланысты.

Отандық тарих ғылымының басым бағыттарын зерттеуде айрықша еңбек еткен К.Есмағамбетов отызға тарта кітап пен 200-ден аса ғылыми мақала жазып, жарыққа шығарды. Оның ғылыми кадрларды дайындауға ролі де айрықша. 13 ғылым кандидаты мен 9 докторы Көшекпен қолынан үлкен ғылымға жолдама алған еді.

Сонғы кездері Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің шығармашылық еңбегін басты саласы – берісі Түркістан аймағының, әрісі бүкіл түркі жұртының туелсіздігін ту еткен, құмырын соңғы күреске толы жиырма жылдан астамын соңы Еуропадың төрінде өткізген Мұстафа Шоқайдың (1890-1941) өмірі мен қызметін зерттеу болды. Ол шетелдік мұрағаттар мен кітапханаларда сақталған, коммунистік қыспақтан шет елде тұруға мәжбүр болған аса ірі саяси қайраткердің Кеңес Одағындағы түркі халықтары туралы, оның ішінде түтас Түркістан аймағындағы қайшылықты болымын, пролетарлық Ресейдің озыр саясатын әшкерелеу үшін Стамбул, Париж, Берлин, Лондонда сөйлеген сөздерін, жасаған баяндамаларын, батыс басылымдарында жарияланған мақалаларын зерделеп, 30-ға тарта ғылыми мақала жазды. 2006 жылы екі томдық «Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы» атты жинақты шығаруға ғылыми жетекшілік етіп, 2008 жылы көлемі 30 баспа тобадан астам «Әлем таныған тула» атты монография шығаруы, Мұстафа атын зиян-аулақ білетінді де, оны арнайы зерттеу объектісі еткендерді де елең еткізді. Шын мәнісінде, бұл еңбекте шынайы гуманист, қазақ жырлы да қайсар тулғаның саяси қызметі, қаламы жүйрік публицист ретінде әлемге танылғандығы жан-жақты дәлелденді. Бұрын-ақ қырынан зерттеліп жүрген атақты саясаткердің шынайы адами, күрескерлік һәм шығармашылық болмысы барынша ашылып, күрделі тула өз тұғырына қонғанды болды. Осы монографиясы үшін Көшім Лекерұлы 2009 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықпен марапатталды. Бұл еңбек түркі тіліне аударылып, «Отукен» (Стамбул) баспасынан жарық көрді.

2012-2014 жылдар аралығында Көшім Есмағамбетовтің жетекшілігімен Мұстафа Шоқай мұрасының толық жинағы шықты. Оның ең басты жетістігі мен ерекшелігі – Франциядағы жеке мұрағаттық қорынан, Әзбекстан, Қазақстан, Германия, Түркия және т.б. елдердің мұрағатынан алынған қазақ, орыс, түрік шағатй, ағылшын, француз, неміс, поляк, грузин және өзбек

тілдеріндегі шығармалардың түпнұсқа күйінде тұнғыш жарық көргендігінде. Жеке мұрағаттық қордан алынған материалдар да бай әрі қызықты еді. Мұның үстіне М.Шоқайдың қырық шақты бүркеншік есімдері болғанын, оны анықтаудың да оңай болмағанын ескерте кеткен артық болмас.

Отандық мұстафатану ғылымына қосылған теңдесі жоқ бұл толымды жинақтың бірегейлігі мен жоғары деңгейлігін бірнеше факторлармен анықтауға болады. Біріншіден, бұл шығармашылық мұраны келер ұрпақтарға бұрмаласыз, түпнұсқа күйінде жеткізуге мүмкіндік берді. Екіншіден, көптомдық өзінің құрылымымен де, дайындалу жолымен де ерекшеленді. Оның бірінші томы М.Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған да, қалған томдарында шығармашылық және эпистолярлық мұралар берілген. Үшіншіден, зерттеушінің терең білімді, өзіндік әдіс тәсілі қалыптасқан зерделі тарихшы екендігі. Мұны он екі томдықтың өң бойынан тауға болады. Бұл бағыттағы Көшім Есмағамбетовтің еңбегі атақты ақын Әбілда Тәжібаевтың әдебиет зерттеушісі Мардан Байділдаев жөнінде «бір өзі бір институттың жұмысын атқарды» дегенін еріксіз еске түсіреді.

Көшім Лекерұлы ұлы күрескердің ұлттық қозғалыстың ұйымдық негіздерін қалау, оның стратегиясы мен тактикасын айқындау, ең алдымен жалпы бірлік атаулының ұясы Түркістанның ішкі тұтастығын нығайту, бұл бірлікті бүкіл түркі бірлігіне ұластыру, одан өзгелен халықтардың біртұтас майданына шығу тұрасындағы Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін терең зерттеп, оны тамаша тарихшы, әлеуметтанушы, саясаттанушы, халықаралық деңгейдегі саяси сарапшы ретінде айқын көрсетіп, ғылыми мәні зор тұжырымдар мен қағидатты қорытындылар жасады.

Осылай ұлттық туелсіздіктің бірден-бір жанынды жарышысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, туған еліне деген сарғайған шексіз сағынышын бір сөз баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен еткен, бұрын-ақ қырынан зерттеліп жүрген әлем таныған қайсар саясаткердің шынайы болмысын айқындауға өлеусіз үлес қосылды. Әрине, сегіз қырлы, бір сырлы Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік һәм шығармашылық болмысын әлі де аша тұсу адалды міндеттер болып қала беретіні белгілі. Әсіресе, елі туелсіздікке жетсе, тек саяси үгіт ісімен айналысуға ойлаған, елінің тарихы және басқа өлке халықтары туралы қатігарт жазуды армандаған энциклопедиялық білімдер, терең ойшылдың шығармашылық мұрасындағы мол идеялар мен тұраулы тұжырымдарды жүйелі түрде зерттеуге басты көңіл бөлінуі қажет. Бүгінгі күнге дейінгі әдебиеттерде көбіне қайсар тулғаның саяси қызметіне, қажым күрескерлігін зерттеуге көңіл бөлініп, жазылып келді. Бұл тұрасында 2016 жыл Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ашылған Мұстафа Шоқай атындағы ғылыми-зерттеу орталығының алдында да тиісті міндеттер тұр. Осы орталық туралы идеяның авторы да, оның алғашқы ғылыми жетекшісі де Көшекпен болған еді.

Көшім Лекерұлы қызметтік өмірі де бай болатын. Мәскеудегі университетті бітіргеннен кейін 2002 жылдарға дейін Алматы қаласындағы жоғары оқу орнын дирекцияда ұстазық етіп, ҚР Сыртқы істер министрлігінде болми менгерушісі, «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар орталығының жетекшісі, ҚР Құжаттану және мұрағат ісі бойынша ғылыми-техникалық ақпарат орталығының директоры, т.б. лауазымы қызметтер атқарды.

Ерен шығармашылық қызметтің иесі, жауапкершілігі мол, ғылымға адал, кейде әділеттілікке барам деген кейбіреулерге ұнай бермейтін ғалым Қазақстан тарихнамасына өлеусіз үлес қосып, Алаш айттарының бірі Мұстафа Шоқай туралы өшпесбай мұражасасадерекшеқарапайым, өз ісіне шынайы берілгендігімен, айрықша еңбекқорлығымен, биік өресімен замандастар арасында белгілі болып, алда да оны білгіндер жадында осылай қала беретініне сенімсіз болды.

**Әбдіжәл БӘКІР,**  
саяси ғылымдарының докторы, профессор.

Отызыншы жылы дүние есігін ашқандар бұғанасы қатпай жапты еңбек етті. Соның бірі – Молдабек Бәйімбетов болатын. Ол 1930 жылдың төртінші ақпанында қара шаруаның отбасында дүниеге келді. Сұлутөбе тұсындағы №14 разьезде балалық шағы өтті. Мектепте ойдағыдай оқыды.

## ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛҒЫЛАР

Әскери борышын Қиыр Шығыстағы атқыштар полкінде өткізді. Әскери тәртіпті бойға сіндіріп, бұлжытпай орындайтын сержант атанды. Ата-анасы әскери басының “Молдабек Келманұлы сынды тәртіпті азаматты өсіргендеріңіз үшін Сіздерге алғыс айтамыз. Біздің полкта оның суреті Құрмет тақтасында тұр” деген хаттарын алғанда Келман атынан қуаныған жерлестері жыр етіп айтып жүруші еді.



Бала Молдабек алдымен ауылшаруашылық техникумды, одан соң Алматы ауылшаруашылық институтын бітірді. Институтты үздік бітіріп, ғалым-аграрном болып туған жерге оралды. 1956 жылы Сыр өңіріндегі Қарауылтөбе күріш ғылыми-зерттеу шаруашылығында еңбек жолын бастады. Бірер жылдан соң аға ғылыми қызметкер, бөлім менгерушісі, тұқым шаруашылығын басқарды.

Күріш дақпылын өсірудің қыр-сырын менгерген білікті маман Молдабек Бәйімбетов обкомның ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушылық қызметіне жоғарыланды. Өзін еңбекте танытқан азамат Жаңақорған аудандық партия комитетінде екінші хатшылық қызметті сегіз жыл

тарын өсірудің нағыз орталығына айналды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген ғалымдардың назары Қарауылтөбенің күріш плантацияларында өскен жана сорттарға ауатын. Осы бір сәтте шаруашылықты басқаруға бірден-бір лайықты кадр деп таңдалған Молдабек Бәйімбетов директорлыққа бірауыздан сайланды. Ол күріш ғылыми-зерттеу институтының филиалы Қарауылтөбе шаруашылығында он жылға жуық еңбек етіп, шаруашылықтың сан салалы жұмысын жандандырды. Орталықта жана үйлер салынды, су

құбырлары тартылды, мектеп құрылысы басталды, балалар бақшасы бой көтерді. Күріш дақпылының шығымдылығы артып, жана сорттарға жақ ашылды. Қысқасы, шаруашылықтың өсіп-өркендеуіне тер төккен азаматтың есімі әлі күнге дейін ел аузынан түспей келеді.

Ғалым-аграрномның өмірдеректеріне тағы бір көз-жүгіртіп көрейік. Өмірінің соңғы жылдарында тұқым шаруашылығында директор, облыстық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары сынды лауазымды қызметтің тізгінін ұстағаны байқалады. Ер еңбегі кезінде лайықты бағасын алғанына өзі жазған өмірбаянында тайға таңба басқандай өнегелі еңбектің үлгісін наш етіп тұрғандай. Екі рет “Құрмет белгісі” орденін, екі рет медальмен нағрапталынды. Аудандық кеңеске бірнеше дүркін депутат болып сайланғаны тағы бар.

Бұл күндері Молдабек Бәйімбетовтің отбасы немере-шөберелерімен көбеюде. Әулеттен тараған он екі ұл-қыз шаңырақты одан әрі биіктеуге түседі. Сүйікті жары Райхан ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп, дүние салды.

Жүйтілген уақыт қас-қағым сәтте зымырап өтіп жатыр. Сырдың біртуар перзенті Молдабек Бәйімбетовтің дүние салғанына биыл 20 жылдан асып барады. Азаматтың қызметтес болған мемлекет және қоғам қайраткері Қаһарман Табынбаев ол туралы әлі күнге төгілте әңгімелейді. Иә ер есімі ел есінен шықпауы керек. Көп жыл қызмет атқарған Қарауылтөбе елді мекеніндегі бір көшеге Молдабек Бәйімбетовтің есімі берілсе, артықшық етпес еді. Бұл ой қолдау тауып жатса, ұрпағына ұмытылмас ескерткіш болары ақиқат.

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТУЛЫ,**  
ардагер-журналист.



Сыр өңірінде денсаулық сақтау саласында 1966-2012 жылдары, осы саланың ыстығына күйіп, суығына тонып, ортасында біте қайнап, қажырлы еңбегімен көптің алғысына ие болған абзал азаматтың бірі Шадиар Ағымбетұлы Нұрымбетов еді. Жаратушы әр адамның өмір жолын әркімі етіп жаратады. Алайда, қызығы мен қиындығы қатар жүретін ғажайып өмір кімдерден өтпеген. Аурухананың «жанасқтау» бөлімінде дәрігерлер өлім мен өмір арасында арпалысқан тағдырды, жарық дүниеден табар дәміне қарай ітермелейді.



# АНТЫНА АДАЛ БОЛДЫ

Адамға өмір сыйлау жаратушының қолындағы құдірет болса, дәрігер – науқасты өмірге қарай алға тартатын дәнекер. Осы орайда «Антына адал болды» деп айтар тағып, әріптесімізді ілтипатпен еске аламыз. Өйткені Шәкең тірі болғанда биыл 75 жасқа келген болар еді.

Шадиар Ағымбетұлы 1943 жылы 29 қыркүйекте Сырдария ауданы «Бірінші Май» колхозында дүниеге келді. Орта мектепті бітірісімен, Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түсіп, 1966 жылы аталған институттың «Емдеу факультетін» ойдағыдай тәмамдады.

1966-1968 жылдары Қызылорда қаласындағы медицина училищесінде мұғалімдік қызмет атқарса, 1969 жылы облыстық аурухананың «жанасқтау» бөлімінің дәрігері ретінде қабылданып, осы бөлім жұмысының келешек дамуына бірден-бір үлес қосқан алғашқы анестезиолог-реаниматолог дәрігер маман болды. Сол жылы республикада алғашқылардың бірі болып, «жанасқтау бөлімі» ашылған еді. 1975-1987 жылдары облыстық аурухананың «жанасқтау» бөлімінің менгерушісі, 1987-1995 жылдары бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, 1995-2002 жылдан өмірінің соңына дейін осы бөлімде дәрігер қызметін атқарды.

Аурухананың «жанасқтау» бөлімінің жұмысы басқа бөлімшелерге қарағанда әлдеқайда ауыр. Аты айтып тұрғандай, күнде өлім мен өмір күресінде арпалысып жатады. Науқасқа берілетін медициналық көмек тез және барынша жоғары дәрежеде болуға тиіс.

Бір оқиғаны айта кетейін. Бұл жағдай сол 80-ші жылдары болатын. Шнелі аудандық ауруханасынан қант ауруы асқынған, бір табағы қарайған, ісінген және дене қызуы жоғары науқасты облыстық ауруханаға шұғыл түрде жеткізді. Дәрігерлер шешімі – ота жасап, сол жақтағы аяғын жуан санан алып тастау. Ота неғұрлым тездетіп жасалуға тиіс, бір-ек күн кешіккен жағдайда, инфекция бүкіл денеге тарайды (сепсис), бұдан науқастың аман қалуы мүмкін емес.

Науқастың жағдайы ауыр. Осы кездері науқастың ағайын-туыстарының пікірлері екіге бөлініп, бір жағы ота жасау керектігін қолдаса, екінші жағы ота жасаудың қажеті жоқтығын айтады. Сонымен бір келіссе, бірі келіспей, уақытты соза бастады.

Дәрігерлерге науқастың келісімінсіз ота жасауға рұқсат жоқ, тек, өмірге қауіпті жағдайда ғана келісімізсіз ота жасауға рұқсат беріледі. Сонымен ота жасауға науқастың келісімін алған болды.

Ендігі мәселенің шешімі дәрігер мамандарда. Ота жасау үшін науқасқа сол кезде жаныздандыратын дәрі-дәрмектер қолданылады. Дәрілер әр науқасқа әртүрлі әсер етеді. Оның кері, жағымсыз әсерлері болуы да мүмкін. Оның үстіне қант ауруы дендеп кеткеннен, ота үстінде әртүрлі қиын жағдай кездесіп жатады.

Міне, осы кезде Шәкеңнің алдында шешуші сұрақ тұрды. Шәкең барлық жағдайды таразылап, науқасқа наркоз беруге келісім берді. Айтқандай, ота жасайтын дәрігерлер дайындық үстінде жатқанда науқастың жүрек соғуы тоқтап қалды. Енді өмір үшін арпалыс басталды. Бір уақытта жүрек соғуы қайта басталды. Осы кездері Шәкеңнің үстіндегі ақ халат суға малынып, адам аяғын жағдайға жетті.

Әрі қарай ота жасау, жасамауды тек Шәкең ғана шешеді. Біз «не дер екен?» деп тұрмыз. Бір уақытта «20-30 минутқа дейін ота жасап үлгеретін болсаңыздар, жасаңыздар» деген жылы жүзі байқалды. Деру 15-20 минут ішінде науқастың аяғы жуан санан алынып тасталды. Ко-

рытындысында, науқасты өлімнен алып қалғандан кейін, бөріміз де қуанышта болдық.

Кейін білгеніміз, сол кісі отадан кейін 7-8 жыл өмір сүрген көрінеді, өзі Отан соғысының ардагері.

Міне, ағайын, дәрігер анестезиолог-реаниматологтардың бір ғана жұмысының көрінісі. Ал сол жерден мыңдаған науқастарға ота жасалып жатқаны белгілі жайт. Менің айтағым, Шәкеңнің батылдығы, білікті маман екені біздің есімізде.

Шәкең үнемі өзінің мол тажірибесін, ақыл-кеңесін кейінгі жас дәрігерлерге үйрету үстінде жүрді. Негізгі дәрігер тірлігі – күрес. Өмірмен, адам азабымен күрес. Осы күрестің табысты болуы білікті дәрігерге байланысты.

Шәкең өзінің мамандығын игеруде Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Алматы, Ақтөбе қалаларында әр кезде білімін жетілдіріп жүрді. Сондықтан да болар, облыста бұл саланың дамуы тікелей Шәкеңмен байланысты.

Облыстық ауруханада «жанасқтау» бөлімінің ашылуына (1969 жылдан бастап) көптеген жаңа тәсілдерді енгізді. Жалпы наркоз арқылы бронхоскопия, эзофагоскопия әдістері, перинаталдық диализ қолданылды. Шәкеңнің бастамасымен Қазақстанда алғаш рет қанды ауыстыру оталары, лимфасобция, асептикалық сұйықтық сорбция әдістері жүргізілген болатын.

Әрине, қанша жылдық тажірибе ой-санаға жинақталған біліктілік, амал-тәсілдер әр маманның жеке дүниесі. «Өз білгеніңді басқаға үйрету – ол адамның жақсылығы» деген даналар сөзі. Бұл тұрғыда Шәкең жеке дүниесін кеудесіне қомбей, кейінгі жастарға үйретумен жалықпай жүретін.

2003 жылы Қазақстан Республикасы дәрігерлерінің анты дәрігерлердің ІІ съезінде қабылданды. Оған дейін бүкіл дүниежүзілік дәрігерлердің ұстазы Гиппократ анты басылықты болды, қазір де солай.

Өйткені, әлемге әйгілі Гиппократ өзінің өмір жолында әрбір емделуші адамға барынша байыпты қарап, жүрегіне жол таба білу, әркімнің ерекшелігіне сәйкес қарым-қатынас қалыптастыруды бірінші кезекке қойған. Ол адам өміріне жауапкершілікпен қарауды бүкіл медициналық емдеу қызметінің күре тамырына айналдырған. Клиникалық іс-қимылдарды үнемі жетілдіру, жанарту, жақсартуға шақырған. Ол – ойын нақты ісімен өмір бақи дәлелдеп өткен тарихи тулға.

Осы тұрғыда Шәкең, бар білімімен науқастарға адал қызмет жасағанына біздер куәміз. Антына адал деген осы болар. Өмір өлшемі адамның өз ісімен бағаланатын болса керек. Облыста «жанасқтау» саласының ашылуы, дамуы мен қалыптасуында қолтаңбасын қалдырған осы – Шадиар Нұрымбетов. Жоғары біліктілік санаттағы дәрігер анестезиолог-реаниматолог өзінің бар өмірі өлім мен өмір арасындағы күресте болды.

Денсаулық сақтау саласында көрнекті орны бар дәрігер өз әріптестері арасында беделді, абыройлы, үлкенге іні, кішіге аға болып санасқан кәсіпкермен ерекшеленді. Өмір-өзен зымырап, өтіп бара жатқан уақыт. Бәрі кешегі күн тәрізді. Небір жайсаң жолдастарымыз, қызметтес болған әріптестер бұл фәни дүниемен қош айтысты.

«Адам өмірге қонақ» деген қағиданы естіп те жұрмиз, айтылып та жатады. Дегенде, осы бір сөзге мән бере бермейтіміз кімге де болса бөтен емес шығар. Тіршілікте кісінің қалірін білмей жатқанымыз өкінішті-ақ.

Шәкең облыстық аурухана бас дәрігерінің орынбасары ретінде

оның тынымсыз тіршілігіне, санқилы жұмыстарына араласып, сол жұмыстардың басы-қасында аянбай тер төгіп жүрді.

Білім қай уақытта кімге де болса орнықты күш екені белгілі. Шәкең жұмыс атқарған уақыттарда өзін білікті маман, ұстаз, шебер ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. Ерен еңбегі еленіп, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасы Ата Занына – 10 жыл» медальдарымен марапатталды.

Облыстық кәсіподақ кеңесінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бірнеше грамоталарымен марапатталып, облыстық медицина орталығының «Құрмет» кітабына енген.

Шәкеңнің 1987-1995 жылдары бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болғаны жайында жоғарыда айтылды. Шәкең туралы ерекше айтатын жағдай, оның бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып тұрған кезінде маған қызмет жағдайымен ұзақ сапарларға шығып тұруға тура келді. Осы кездері әрі сүйеу, әрі тіреу, әрі жанашыр болды. Уақытпен санаспай, күн-түн демей, аялбай, адал, жұмысын өз дәрежесінде атқара білді. Бүгінде менін Шәкеңе деген көңілім, ыстық ықыласым сөнген жоқ, сөнбейді де.

Шәкеңнің адами қасиеттерінің бірі, ауылда өскен бала болғандықтан болу керек, аң аулау, бұлқ ұстауды жақсы көреді екен. Дәрігер болып, жұмысқа орналасқан соң алғашқы кезде, бос уақыттың дәлелі өткізгенді ұнататын. Кейін, «жанасқтау» бөлімінің менгерушісі, әсіресе бас дәрігердің орынбасары қызметінде жүргенінде ұнататын тіршілігін ұмытуға тура келген жағдай болған еді.

Өзінің қатал науқастығын сезіп жүрген де болар, өмірінің соңғы күндері ойда жоқта үйге кіріп келді. Бұрын-соңды болмаған жағдай. «Иә, Шәке, жол болсын, жәй жүреңіс бей» деп сұрастырған болып жаттымын. Шешіліп ешнәрсе айта қоймады. «Жой, сәлем бергілі келдім» дегенін білді.

Бұлшайа үйге келуі жеңіл болмаса керек. Не айталы келді екен деген сұрақ ойландырады. Әлде менімен соңғы кездесуі болды ма? Осы күнге дейін жетелеумен келеді...

«Қысқа құмырда пешенен не жазылса, соны көресің» деген ата жолынан келе жатқан үлкен бір ұғым бар. Тіршілікте оны жазмыш деп жатамыз. Сол жазмыштың тағдыр талайына бұйыруы да бір-біріне мүлдем ұқсамайтыны белгілі болса керек.

Марқұм Шәкең ауыр науқасқа дулар болды. Туралап келген кесел алып тынды. 2012 жылы Шәкеңнің жүрек соғуы тоқтады. «Өмір барда, қазар бар» деген осы шығар.

Шәкең өнегелі еке, сүйікті жар, мейірімді ата болды. Марқұмымыз бұл фәниден алып кеткен бақыты да, байлығы





90 жыл

Елімізді әлемдік өркениет төріне шығаратын бірден-бір жол – білім жүйесі. Сондықтан Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бүгінгі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлау мәселесі барынша нақтыланған. Бұл бағыттағы бағдарламалық жұмыстар 90 жылдық тарихы бар Қазақстандағы алғашқы денсаулық сақтау саласының кәсіби мамандарын дайындайтын Қызылорда медициналық жоғары колледжінде қарқынды іске асырылуда.



қызметін атқарды. Б.Айтуғанов соғыста 2 рет жараланған. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлерге жанкештілік медициналық көмек көрсеткені үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, ондаған медальмен наградталған. Жалпы Ұлы Отан соғысына қатысқан 15 мақтан тұтар түле-

аурухананың негізін қалап кейін осы аурухананың бас дәрігері болып қызмет жасады. 1974 жылы кандидаттық диссертация қорғалды. 1982 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасына басшы болып келді. Облыстық медицина саласын басқарған кезінде денсаулық сақтау ісінде көптеген оңды өзгерістерге қол жеткізді. Келесі мақтан тұтар түлегіміз 1952 жылы үздік дипломмен бітірген, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, 1970-1995 жылдары облысымыздың бас урولوғы болып қызмет атқарған Шәріпбай Әлназаров.

ТӘНЕШ ОРАЗОВ



Сыр елінің қадірменді қариясы, Ұлы Отан соғысының ардагері Тәнеш Оразов 95 жаста асқан шағында өмірден озды.

Тәнеш Оразов 1923 жылы ақпан айында Сырдария ауданының Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Қызылорда заманын ауыртпалығын жастай сезініп өскен бозбала 1941 жылдың желтоқсан айында Ашхабад қаласындағы жау әскері училищені бітіріп, 1942 жылдың шілдесінде «лейтенант» шенімен майданға аттанады. Қрасноводск, Махачкала, Астрахань қалалары арқылы Сталинград майданына қатысып, ұрыс даласында жараланған. Сталинград қаласындағы алты айға созылған соғыста көрсеткен ерлігі үшін «За отвагу», «За оборону Сталинграда» медальдарымен марапатталды. Соғыстан кейін 1946-1962 жылдар аралығында аудандық және облыстық тұтынушылар одағы мекемесінің бөлім бастығы, 1962-1965 жылдары облыстық сауда базасының директоры, 1965-1976 жылдары «Лаврисовхозстрой» мекемесінің бастығы болды.

1976-1986 жылдары Қызылорда қаласындағы «ОРС-НОД» сауда мекемесінің бастығы қызметін абыроймен атқарып, сауда саласының үздігі атанды.

Т.Оразов 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордені, Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50, 60 жылдығы және басқа да көптеген медальдармен марапатталған. «Құрмет» орденінің иегері. 1986 жылдан бастап облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер, 3 ұл, 2 қыз, 10 немере тәрбиелеп өсіріп, ардақты ата, қадірлі аке атанды. Аймақтың дамуына, елдің ынтымақ-бірлігінің нығайтуына елеулі үлес қосқан Ұлы Отан соғысының ардагері, дербес зейнеткер, гирбартты ғұмыр иесі Тәнеш Оразовтың жарқын бейнесі ел жадында ұзақ уақыт сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды. Себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда билікке деген сенімсіздік туғарады. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Оның негізгі принциптері анықталып, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің түрлері айқындалды.

Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз күзреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жашылға ортақ міндет. Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің алшақ болғаны абзал.

А.ЛІНІСОВА, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің талдау, есептік және сапаны бақылау бөлімінің бас маманы.

ШИПАГЕРЛІК БІЛІМ ОРДАСЫ



Кенигсбергті, Берлинді азат етуге қатысқан. Соғыстан кейін офицер шенінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери құрамында 1946-1951 жылдары Литвалда, 1951-1960 жылдары Түркіменстан шекарасында қызмет атқарған. 1960 жылы елге оралып, облыстық Қызыл Крест, Қызыл Айшық комитетінің төрағасы, 1964 жылдан зейнеткерлікке шыққанша 20 жыл облыстық медицина қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Ұлы Отан соғысында ерліктері жоғары бағаланып, екі рет «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» және 18 медальмен, бейбіт өмірдегі жемісті еңбектері үшін КСРО-ның Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Келесі батыр түлегіміз – Әшімов Тұрсынбай Ешпанұлы. Ол 1939 жылы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебін «үздік» бітірген соң 1940 жылы әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысы кезінде №101 Қазак ұлттық атқыштар бригадасының әскери фельдшері болып, жаралыларға көмек көрсеткен. Осы бригаданың құрамында Калинин 1-ші Прибалтика майдандарындағы небір ауыр шайқастарды ба- сынан өткерді. 1946 жылы елге жөнісінен оралды. Елге келгеннен кейін халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге өз үлесін қосып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

Соғыс жылдарында ерен ерлік көрсеткен түлектеріміздің тағы бірі – Қалиев Кенесбай Смағұлұлы. Ол 1941 жылы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебін бітіріп, 1941 жылы 19 тамызда армия қатарына шақырылған. Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысқан. 183-ші атты әскер корпусында фельдшер, полктың медициналық пунктинде взвод командирі болып, алдыңғы шепте жаралы жауынгерлерге бірінші дәрігерлік көмек көрсеткен. Кейін Белоруссияны,

дері және ондаған медальмен марапатталған. Батыр түлегіміздің тағы бірі Айтуғанов Батырхан 1941 жылы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебін бітіргеннен кейін соғыс басталып, сол жылдың қараша айында облыстық әскери комиссариаттың шақыруымен майданға аттанды. Қараша айының аяғында Харьков қаласының түбінде бірінші рет соғысқа қатысқан. Инструктор, әскери фельдшер болып, жаралыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткен. Венгрияны азат еткеннен кейін Польша, Чехословакия, Австрия жерінде болған кескілескен ұрыстарда Айтуғанов санитарлық бөлімшесі алдыңғы қатарда жүріп, ерліктерімен көзге түсті.

Б.Айтуғанов 1946 жылдың желтоқсанында аман-есен елге оралды. Шиеді аудандық денсаулық сақтау бөлімінде Еңбекші, Жиделі, Ақтөбе ауылдарына фельдшерлік бөлім бастығы

гіміз «100 есім» жинағына кіріп отыр.

Соғыстан кейінгі жылдары бітірген түлектеріміз медицина ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің және көптеген медальдардың иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Омаров Ернұаз Омарұлының өмірбаянына басталады. Ол Қызылорда медициналық училищесін 1950 жылы үздік дипломмен бітіріп, 1952 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтына түсіп, 6 жыл институтта оқумен бірге емдеу-көмекшілік фельдшер болып жұмысын жалғастырды. Институтты 1958 жылы үздік бітіріп, сол жылы облыс орталығындағы ауруханаға хирург болып орналасты және кешке дәрігерлік жедел жәрдем бөлімінде кезекші дәрігер болып жұмыс жасады. 1967 жылдары қалалық біріккен

90 жылдық тарихы бар Қызылорда медициналық жоғары колледжі алдағы кезеңде де талай маманды тәрбиелеп, елімізге қызмет қылатын азаматтарды үлкен өмірге қанат қақтыра беруді деп үлкен сеніммен айтамын.

Ахмет ШАРАПАТОВ, Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Рухани дамыту» орталығының меңгерушісі.

БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу. Оның зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндет-

терді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталады.

Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Елбасының жеке бақылауында тұр. Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-

құқықтық құралдары жетілдіріле түседі. Онда қоғамға жат әрекеттің жолын кеше жоюлары, жауапкершіліктің жыл сайын күшейтіліп келе жатқандығы айқындалған.

Осыған орай, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қызметкерлері арасында аптасына екі рет сабақтар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның бас-

ты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейде іске асырылуы тиіс.

Мұрат ЕСЕНБАЕВ, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы, мемлекеттік аудитор.

Жарнама

Тел: 70-00-49, 70-00-52

e-mail: smjarnama@mail.ru

Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС «Магистральдық құбырлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (14-бап) сәйкес Магистральдық құбырдың күзет аймағы Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының аумағынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» жоғары қысымды магистральдық газ құбыры өтетіні және магистральдық газ құбырының күзет аймағының бар екендігі жөнінде ескертеді.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- Магистральдық құбырдың күзет аймағында: 1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келісіп, орнатуға; 2) бағбандық және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға; 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге; 4) кез келген құрылыстар мен фирмаларға салуға; 5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 6) мелiorативтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға; 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге; 8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздеуіру жұмыстарын жүргізуге; 9) қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырға жатпайтын кез келген объектіні құрылыс нормалары мен қағидаларында белгіленген ең аз қашықтық шегінде салуға; 10. трасса бойлық жолдарды магистральдық газ құбырының объектілерін пайдалану бойынша негізгі қызметке қатысы жоқ мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

Жоғары баяндалғандарға қатысты барлық сұрақ, шағым және ұсыныс жөнінде келесі мекен-жайға хабарласуыңызға болады: «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Желтоқсан к-сі, 96/98, тел. +7 (727) 330-66-44, факс: +7 (727) 330-66-45, info@bsgp.kz.

2018 жылдың 4-тоқсанына арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, А.Т.Ә., Атқаратын қызметі, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны. Rows include Saparov Qaldybek Erubayuly, Bokisheva Irina Zhumabaykыzy, and Makhambetov Akdelil Shaxizatuly.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексіне және 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қызылорда облысының Әділет департаментінде «23-10-09» сенім телефоны жұмыс істейтіні хабарланады.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65 мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 088 24 69.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-33-01) «Бұхарсай кенішін сынамалы пайдалану кезінде жайластыру. I кезек» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды. Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі. Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қазгермұнай» БК» ЖШС басшылығы, кәсіподақ комитеті және ұжымы қазынашылық бөлімінің I-санаттағы маманы Алмас Майғұлға атасы Тәнеш Оразовтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



1-бет



# ТАРИХ БЕЛЕСІНДЕГІ ТАСБӨГЕТ



Салтанатты мерекелік шараны Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтау сөз сөйледі.

Мерейлі мерекелердің құрметіне орай туған жердің туын көтерген азаматтар марапатталып, «Тасбөгет кентіне 70 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Кент орталығына қазақтың ақшаңқан киіз үйлері тігіліп, жұртшылық мерекені азанғы көңіл-күймен айтыс тамашалаудан бастады.

С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде өткен «Сұлу Сырдың егізіндей, сүйелердің лебізіндей – Тасбөгет» деп аталатын аймақтық ақындар айтысына Қызылорда, Түркістан, Ақтөбе ақындары қатысты.

Сөз жүйріктері туған жеріміздің қадір-қасиетін тіл кестесіне салып, ел мерейін көтерді. Түркістан облысының ақын Дәурен Ысқақов 1-ші, Тасбөгеттің төл баласы Мөлдір Айтбай 2-ші орын жүлдесін олжалады. 3-ші орын жезжазғандық Ботагөз Мұхитдиноваға тиді.

Шара басында ақын Тілеген Бекарыстановтың сөзіне жазылған композитор Сәбит Ұлықпанның жана әнінің және «Туран төріндегі

Тасбөгет» атты деректі кітаптың тұсаукесері жасалды.

Делебе қоздырған той қызығының бірі – қазақша күрестен өткен облыстық турнир болды.

Ал, отшашумен жарықтанған Тасбөгеттің түнгі аспаны «Азия» тобы, Ернар Айдар, Жанболат пен Жазира, Мұхтар Ханзада секілді қазақ эстрадасы жұлдыздарының ән-жырымен ажарлана түсті.

Қазіргі күні Тасбөгет кенті облыс орталығының оңтүстігімен тұтасып жатқан үлкен аймағының бірі.

1947 жылы республика Жоғарғы Кеңесінің арнайы қарарымен «Қызылорда плотинстрой» қыстағынан қала типтес жұмысшы поселке салынып, ол «Тасбөгет» деп аталды.

Республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1958 жылғы 28 қаңтардағы жарлығымен Сырдария ауданының орталығы Тасбөгет қонысына көшірілді. Оған дейін аудан орталығы қазіргі Әйтеке би көшесіндегі №49 үйде болған. 1962-1967 жылдарда бұл аудан Теренөзектің құрамына еніп, 1967 жылы Сырдария ауданы қайта құрылғаннан кейін Тасбөгет қала типтес қонысына айналды.

1997 жылдан бері Тасбөгет қыстағы әкімшілігі Қызылорда қаласына қарайды.

Әр жылғымыз бен әр күнімізді жарқын етіп, мерейімізді тасытып тұрған Тауелсіздігіміз бен ел бастаған Елбасының сарабал саясатының арқасында киелі өлке Сыр елінің іргесінде орналасқан Тасбөгет кентінде тарихи сәт осылайша қуаныш дүбіріне бөленді.



## ELIZABET – KÚMIS JÚLDEGER

Словакия астанасы Братиславада мәнерлен сырғанаудан «Ondrej Nepela Trophy-2018» халықаралық турнирі аяқталды. Байрақты бәсеке жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева екінші орын иеленді.

Қысқа бағдарламада 69,99 ұпайға кол жеткізген Сыр спортшысы жапондық Рики Кихирани ғана ал-

ға жіберген болатын. Биылғы маусымдағы алғашқы жарысын сәтті бастаған Элизабет еркін бағдарламада 122,31 ұпай еншіледі. Екі бағдарлама бойынша 192,30 ұпаймен күміс медальға кол жеткізді. Алтын медаль 218,16 ұпай иеленген Кихиранидің еншісіне. Ал қола жүлдені 180,02 ұпай жинаған ресейлік Светлана Константинова жеңіп алды.



## TILSHILER VOLEIBOLDAN SYNGA TÚSTI

Қызылордада бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет етіп жүрген қыз-келіншектер сенбі күнін сергек бастады. Алғаш рет «Мұз айдыны» спорт алаңында облыстық ішкі саясат басқармасының бастамасымен волейболдан жарыс ұйымдастырылды.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Саусақтары пернетактадан ажырамай, елден хабар жеткізуге асығатын тілшілердің доп тартысы қызықты өтті. Ақпарат таратудағы жеделдік пен алаңдағы жылдамдықты салыстыруға келмейді, десе де, бұл арулардың ептілігі мен қырағылығын сынаған ойын болды. Сайыста облыстық басылмалардың қарашанырағынан шыққан «Сыр медиа

арулары», облыстық «Qyzylorda» телераионының «Қызылорда», Қоғам телераионының «Қоғам», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің журналистика мамандығы студенттерінен құралған «Сыр түлегі» және ішкі саясат басқармасының «Сейхун» құрамасы өнер көрсетті.

Спорт – мықтылар алаңы. Алаңды бағындырып, ептілігімен ерекшеленген «Сыр түлегі» командасы қарсыластырын басып озып, бірінші орынға кол жеткізді. Ал телераиона тілшілері «Қызылорда» құрамасы екінші орынға тұрақтаса, жүлделі үшінші орын «Сыр медиа» аруларының еншісіне тиді. Жеңімпаздарды басқарма басшысы Тағат Маханов марапаттады.

### Jádiger

## ЖАҚАЕВ ТҰТЫНҒАН ЕР-ТҰРМАН



Шіелі ауданындағы Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихи музейі қорында осы дақылдан рекордтық өнім алған дала академігі туралы сыр шертетін мыңнан аса құнды жәдігер сақтаулы. Атап айтқанда, мұнда 10312 экспонат бар, оның негізгісі-6545, көмекші қордағысы 3767 екен. Музей директоры Құттықыз Ыханованың айтуынша, қазіргі кезде музей қызметінде жаңа ақпараттық-технологиялардың маңызы өте зор. Осыған байланысты интернетке қосылған компьютер жүйесі, «Музеолог» бағдарламасы жүйелі түрде жұмыс жасауда.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, музей экспонаттарының көбі – дән атасының ұстап-тұтынған заттары, құжаттары, тарихи суреттер. Солардың бірі – Ыбырай атаның өзі пайдаланған ер-тұрман. Құттықыз Шайыққызының айтуынша, бұл құранды ерді Ы.Жақаев өзі арнайы жасатқан. Диканның 90 жылдығына орай тұтынған заттары музейге өткізілгенде осы ер де бірге тапсырылып, бүгінде көрме залының төрінен орын алып тұр.

Барлыбек БАТЫР.



## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ВЕЛОШЕРУ

Қызылорда қаласы өзінің 200 жылдық мерейтойын атап өтуде. Тарихи терең шаһардың екіғасырлық мерекесі аясында жыл басынан бері мәдени көпшілік шаралар, қайырымдылық акциялар, түрлі форматтағы байқау мен жәрмеңкес ұйымдастырылып келеді.

Шынар БЕКБАН.

Осындай шаралардың бірі – салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған велошеру. Оған 200-ден астам қала тұрғыны белсенді қатысты. Кәсіпқой велоспортшылармен қатар, жастар, белсенді азаматтар, кәсіпкерлер мен түрлі сала қызметкерлерінен жасақталған шеруге қатысушыларға қала әкімінің орынбасары Ш.Байманов сәттілік

тілеп, мерекемен құттықтады. «Сыр Ана» монументінен басталған 10 шақырымдық шеру орталық стадионда қорытындыланды. Жақсы нәтиже көрсеткен спортшыларға ұйымдастырушылар тарапынан алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Қала тойына орай, бүгінгі күнге дейін 40-қа жуық мәдени шара өткізілді. Солардың ішінде, спорттық шараларға да басымдық берілуде. Нақтырақ айтқанда, 23 қыркүйек күні Тасбөгет кентінің 70 жылдығы аясында түрлі спорттық сайыстар мен қазақша күрестен облыстық турнир ұйымдастырылды. Ал кеше қаладағы барлық спорт алаңдарында спорт түрлерінен сайыстар өтті. Сенбі күні ипподромда ат бәйгесі болады. Осы күні «Евразия» спорт кешенінде қазақша күрестен түйе балуандар сынға түспек.

## ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТЫҚ ҚОЛЫ ҚОРҒАЙДЫ

Қазіргі таңда барлық шаруашылықтарда егін жинау мен мал азығын дайындау науқаны өтуде.

Осыған орай мал азығын дайындау кезінде өрт қаупінен сақтанудың шарасы туралы берілген нұсқаулардың орындалуына зер салсақ, елеулі кемшіліктердің кездесетіні жасырын емес.

«Қыс шананды жаз сайла» демекші, егіншімізді қамбаға, шөбімізді қораға тасып алуымыз шығынсыз болған күнде ғана берекеміз артады. Міне, дәл осы тұста шаруа қожалықтарының өрт сөндіретін құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі керектігін айтуға тиіспіз.

Ендеше мына төмендегі ереже талаптары қаперде ұстаңыз.

Ірі азықтарды ферма ғимараттарынан алшақ жалғастыра салынған, аражаппалары және үстіңгі жабыны бар жайларда ғана сақтау рұқсат етіледі.

Жалғастыра салынған жайлардың шығу жолы тек сыртқа болуы тиіс. Шөп жинайтын жайлар жер үйіндісімен, сымды албарлармен қоршалуы керек.

Ірі азықтардың маялары, ірі азықтар үйіндісін электр беру құрылғылары жолынан 15, жолдан 20 метрден кем емес және құрылыстар мен ғимараттардан 50 метрден кем арақашықтықта орналастыру қажет. Орман алқаптары маңында орналасқан шөп қоймалары ені 1 метрге қазылған жыра қоршауынан 20 метрден кем емес қашықтықта болуы тиіс.

Бір маяның орналасу ауданы 150 м² аспауы керек, ал қатарынан престелген маялар ауданы 500 м² аспауы қажет. Өртке қарсы қашықтық жеке қатар, қалқа және маялардың аралары 20 метрден кем болмауы керек. Жұпты қатарлар, қалқалар және шөп маяларын орнату барысында аралары 6 метрден, ал жұптарының арасы 30 метрден кем болмауын ескеру қажет.

Бірнеше бөлшектердің өртке қарсы қашықтығы (20 шөмеле немесе қатарға дейін) 100 метрден кем болмауы тиіс. Ірі азық сақтайтын қоймаларда істейтін тракторлар мен автокөліктер ұшқын басқышпен қайтарымайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

автокөліктерге жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

Ірі азық қоймаларында өрт болған жағдайда 50 м² кем емес су қоры болуы тиіс. Өз міндеттерімізді мейлінше түсінуіміз – «тілсіз жаудың» теперішіне қалдырмасы анық. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын орындамағандар қатаң түрде әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын да есте ұстаған абзал.

**И.ОМАРҚЫЗЫ,**  
облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өртті бақылау тобының аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

Кезекші редактор Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Меншік иесі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарымайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28729  
Тапсырыс №1517